

Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының докторанты Еспенова Айгерим Турсыновнаның «Тәуелсіз Қазақстанның сәндік-қолданбалы өнеріндегі дәстүр мен жаңашылдықтың өзара байланысы мәселелері» тақырыбындағы 6D041600 – Өнертану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін даярлаған диссертациялық жұмысы туралы

ПІКІР

Докторант А.Т. Еспенованың «Тәуелсіз Қазақстанның сәндік-қолданбалы өнеріндегі дәстүр мен жаңашылдықтың өзара байланысы мәселелері» атты докторлық диссертациясы тақырыбының қазақ сәндік-қолданбалы өнерінің қалыптасуы мен дамуы кезеңдеріндегі үдерісін анықтайтын қазіргі таңдағы өзекті тақырыптардың бірі болып есептеледі. Ол ең алдымен бұл тақырыпта қазақ өнертану саласында жазылып отырған бірінші еңбек болуымен де құнды.

Диссертациялық жұмыс қазақ сәндік-қолданбалы өнерінің қалыптасуы, даму сатыларының қазіргі заманға дейінгі кезеңдерін толық қамтып, заманауи өнерде жаңа қырынан көрініс тапқанының тұтас картинасын жасап шығарады. Талдаулардың барысы автордың өзі зерттеу нысанына алып отырған тақырыпты өте жақсы меңгергенімен, осы тұрғыда көптеген ғылыми әдебиеттермен танысып, олардың мән-мазмұнына жете қаныққанын байқатады. Ізденуші өзі таңдап алып отырған тақырыптағы арнайы әдебиеттермен толық танысып қана қоймай, сонымен бірге, зерттеуге керекті әдістемелік әдебиеттер мен пәнаралық зерттеулерді де жетік меңгергенін білдіреді.

Зерттеу жұмысының ғылыми тұжырымдарында, нәтижелер мен қорытынды жасау барысында алыс және жақын шетел ғалымдарының, қазақ өнертанушылары, мәдениеттанушылары мен философтарының ой-пікірлерін ұтымды түрде пайдаланып, алға қойған ғылыми мақсат, міндеттерінің орындалуына қол жеткізген.

Оның өнертанушыға тән ой қорытуы, өз көзқарасын дәлелдеуге деген талпынысы жұмыстың үш бөлімінен де анық көрінеді. Өзі диттеген мақсатқа жетіп, әр бөлім бойынша білікті талдаулар жасап, нақты ой-тұжырым білдірген. Қазақ сәндік-қолданбалы өнерінде қазіргі таңда жүріп жатқан үдерісті сипаттап, шеберлердің жаңа ізденістен туындаған шығармаларындағы дәстүрдің трансформациялануын қарастыруы да зерттеудің көкейкестілігін арттыра түседі.

Жекелеген шеберлер шығармашылығын зерттегенде, қазақ сәндік-қолданбалы өнер тарихы мен сыны туралы ғылыми еңбектер жазғанда көмекші құрал ретінде қызмет атқара алады. Зерттеуде ұсынған негізгі тұжырымдарды, ой-пікірлерді жоғары оқу орындарындағы арнаулы курстар мен семинарларда көмекші оқыту құралы ретінде қолдануға болады деп есептеймін.

Қорытындылай келе, үлкен біліктілікпен, ғылыми тереңділікпен кәсіби дәрежеде жазылған жұмыстың өмірге келгеніне дау жоқ. Докторант А.Еспенованың 6D041600 – «Өнертану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) академиялық дәрежесін алу үшін көп еңбектенгені байқалады. Ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сай болғандықтан бұл еңбекті 6D041600 – «Өнертану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Пікір білдіруші,

**Қазақстан Республикасының
Суретшілер Одағының Алматы
облыстық филиалының төрағасы,
Қазақстан Республикасының
мәдениет қайраткері**
atillagroup@mail.ru

Е. Жүнісхан



Е. Жүнісхан